

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

- 5) Ахметжанова Ф.Р, Қайырбаева Қ.Т. Түр - түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. – Өскемен: ШҚМУ Баспасы, 2000. – 136 б.
- 6) Жұмаділов Қ. Дарабоз. Тарихи – роман диология. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2009. 1-кітап.– 416 б.
- 7) Бөкеев О. Ұйқым келмейді. Повесть, әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1990. – 560 б.
- 8) Сәрсенбаев О. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 1-том: Повестер. – Алматы: Жазушы, 1992. – 428 б.
- 9) Күдерина К, Жұбаева О, Жолшаева М. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том. – Алматы. 2011. – 744 б.
- 10) Сөздік қор. <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=136>
- 11) Нәжімеденова Ж. Темірқазық. – Алматы: Жазушы, 1982. – 343 б.
- 12) Кеңесбаев І.К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.
- 13) Досжанов Д. Таразы. Роман-толғау. – Алматы: Жазушы, 1992. – 542 б.
- 14) Мыңжасарова С. Төзім шеңбері. – Алматы: Жазушы, 1987. – 256 б.
- 15) <https://www.oinet.kz/e/action/ShowInfo.php?classid=36&id=29485>
- 16) Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
- 17) Досжанов Д. Жолбарыстың сүрлеуі. – Алматы: Жазушы, 1984. – 462 б.
- 18) <https://stud.kz/referat/show/40099>
- 19) Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
- 20) Қияқова Р.Ж. Құрмаластың құрлымы. Оқу құралы. – Көкшетау: Келешек-2030, – 200 б.

ӘОЖ 81-22

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ АҚПАРАТТЫҚ-МӘДЕНИ КЕҢІСТІКТЕ ҚОЛДАНЫЛУ ТАРИХЫ

Жанботақызы Еркежан

zhanbotakyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.С.Сағидолда

Талай тарихты басынан өткізген қазақ халқының өмірінің де, тілінің де тарихы терең тарих қойнауында жатыр. Адам баласының жазуы туралы ең алғаш деректер кездесетін тас дәуірінің заманынан-ақ Алтай мен Атырауға дейін созылып жатқан ұлан-ғайыр атырап көптеген тарихи оқиғаның куәгері болғаны анық. Бүгінгідей технология мен техниканың қарыштап дамып жатқан заманында сол тастағы суреттер мен жазудың мәнін анықтау, тарихымыздың бет-бұрысы қандай болғанын анықтау, сол туралы келешек ұрпаққа ақпарат қалдыру ғалымдарымыз бен зерттеушілеріміздің алдында тұрған өмірлік миссиясы іспетті.

Қазіргі таңда біз ақпараттарды газет-журналдар арқылы алатындай ХІХ ғасырда не ХХ ғасырда өмір сүріп жатқан жоқпыз, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін оңай қолданылатын электронды құрылғылар арқылы кез келген жаңалықты не мәліметті ғаламтор желісінен оңай тауып алуымызға болады. Арыға бармай-ақ осыдан бес-он жыл бұрын жасанды интеллект деген адамның ойына келмейтін ғажайып секілді көрінетін еді, ал бүгінгі күні бұл біздің өміріміздің бір бөлігіне айналып бара жатыр. Осындай судың тасқындаған ағысындай жылдамдықпен дамып жатқан өмірде біздің тіліміздің жағдайы қалай болып жатыр. Өз заманында әлемді дүр сілкіндірген көк түркілердің ұрпағының тілі қазір өзінің құдіретін

сақтай алып тұр ма? Үш жүздің басын қоса біліп, бірлікте өмір сүрген Абылай хан: «Білекке сенген заманда ешкімге дес бермедік, енді білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік» деген өсиет сөзі тарих бетіне сақталып қалған еді.

Үш жүз жылдан астам уақыт бойы Қазақ хандығы болып келген мемлекет үш ғасырға жуық уақыт бір мемлекеттің қол астында бодан болып келгені айды аспанға шығарар жаңалық емес. Қазіргі қолымыздағы тәуелсіздік үш ғасыр бойы ата-бабаларымыздың жан алысып, жан беріскен көптеген шайқастарының нәтижесі. Соның соңғы бір көрінісі 1986 жылы Алматы қаласында болған студенттер жастардың бейбіт шеруі еді, бірақ соңы қанды қырғынмен аяқталды... 1991 жылы 16 желтоқсанда біз өз тәуелсіздігімізді, дербес ел екендігімізді жарияладық. Қазақстан тәуелсіздігін алған жылдардан бастап мемлекеттің барлық салаларында қазақ тілін жан-жақты дамыту мен өркендету мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіліп келеді. Елдің ішкі және сыртқы органдарына қазақ тілін толыққанды енгізу үшін – мәдениет және ақпарат министрлігінде тіл комитеті құрылды. Республикада осы бағытқа байланысты қомақты қаржы бөлініп, арнайы фонд ашылған еді [1]. Қазақстан Республикасының Конституциясындағы «ҚР тілдер туралы» (1997 жылдың 11 шілдесінен бастап) бөлімінде қазіргі тіл саясаты жүргізіліп келе жатыр. Осы заң аясында 2001-2010 жылдар аралығында және 2011-2020 жылдар аралығында функциональды және тілдерді дамыту бойынша көптеген жұмыстар жасалған еді. Тіл саясатының негізгі мақсаты Қазақстанда өмір сүретін барша ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен ынтымақтастығын сақтап отырып, тілдің толыққанды функциональдығын қамтамасыз ету.

2000 жылдың 21 ақпанынан бастап бүкіл әлем бойынша «Халықаралық ана тілінің күні» деп 1999 жылы 17 қарашада ЮНЕСКО-ның өткізген конференциясында бекіткен еді. Ал ҚР 1998 жылы 22 қыргүйекті «Тілдер күні» деп бекіткен еді, кейіннен А.Байтұрсынұлының туған күніне орай 5 қыргүйекке ауыстырылды. Соңғы жылдары мемлекет қазақ тіліне баса назар аударып, барлық бағытты осы жолға қойып жатыр. Бұл маңызды мәселе еліміздің кеңестік дәуірдің әсерінен орыстандыру саясатының құрбаны болғаны және соның салдарымен тәуелсіздік алғанымызға отыз болса да әлі күнге дейін күресіп келе жатқандығы жасырын емес. «Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін халықтың 25%-ы, кейбір деректерде 40%-ы өздерінің ана тілін мемлекеттік тілді білмейді» деген ақпарат тараған еді. Әрине қазіргі күні барлық адамдар тек қазақ тілінде сөйлейді деп айта алмаймыз, дегенмен қазақша айтылған ақпаратты көбісі түсінетіндей дәрежеге жеттік.

Қазақ тілі түркі тілдер тобындағы қыпшақ бұтағына жатып, шамамен 8-8,3 млн адамның ана тілі. ҚР 2009 жылғы халық санағы бойынша 9 982 276 адам өзінің ана тілі қазақ тілі екендігін айтқан. Шамамен 1,8 млн адам басқа мемлекетте өмір сүретін адамдар қазақ тілін еркін не белгілі бір дәрежеде білетіндігін айтқан [2]. Ал бүгінде қазақ халқының саны ресми түрде 20 млн-нан асты, демек жоғарыда көрсетілген деректердегі сандардың да өскені анық. Қазақ жазба мәдениеті XIX ғасырдың жартысында ұлы ақын Абай Құнанбайұлы мен ағартушы Ыбырай Алтынсариннің арқасында қалыптасқан. Бұл кезеңде араб қаріпі кеңінен қолданылған еді. 1929 жылы КСРО-да тұратын славян ұлт өкілдерінен басқа барлық халыққа дерлік латын қаріпі енгізілді. Осы уақытта қазақ тарихында көптеген әдеби шығармалар жарық көрді. Бұл кезеңді қазақ әдебиетінің тарихындағы «алтын ғасыр» деп атауға болады. Сонымен қатар, 1937 жылы қазақстандық жазушылар одағы құрылды. 1940 жылы тағы да әріп қаріпі өзгеріп кириллицаға ауысытырылған еді. Бұл жазу таңбасын біз бүгінгі күнге дейін қолданып келеміз, бірақ 2025 жылы жазу жүйесі латынға көшіру туралы жоспарланып отыр.

Профессор Р.М.Жұмашев «1930 жылдың ортасына дейін тілдік саясаттың лозунгы сол қалпы қалды, ал негізгі саясат өзгерді... бұл өзгерістің басты белгілерінің бірі жазудың кириллицаға өзгеруі болды. 1938 жылы 13 наурызда тіл саясатына байланысты негізгі әрі ең соңғы өзгеріс орын алды. «Республика мен облыстардағы мемлекеттік мектептерде орыс тілін оқыту міндетті» екендігі жайлы қаулы қабылданды. Осы жарлыққа сәйкес орыс тілінде оқыту 1-сыныптан бастау алды. Бұл елдегі жалпы тілді білу деңгейінің қатынасына күрт өзгеріс әкелді. Тілдік саясат шын мәніндегі революцияға дейінгі жүргізілген саясатқа ұқсас болды. Басқа тілде сөйлейтін «шет елдіктер» үшін орыс тілін білу және сөйлеу міндетті заңның біріне

айналды. Себебі бұл шешім И.В.Сталиннің қабылдаған шешімі болды. 1930 жылдары және одан кейін де бұл саясатқа қарсы шығушылар болмады. Оның басты себебі 1920 жылдары қарсы болған адамдар түгел қырғынға ұшырады немесе «халық ішінде іріткі салушы» деген жалған жаланың құрбаны болмас үшін үнсіз қалуға мәжбүр болды. Жоғарыдан енгізілген бір басқа, яғни Сталинге табынушылықты күшейту үшін барлық қолда бар ақпарат құралдарын пайдана отырып, оқымыстылардың арасында үгіт-насихат жасады. Сондай-ақ халықтың көп бөлігі жалпы халық арасында қандай да бір дамуға не жоғары дәрежеге жету үшін орыс тілін білу ең басты шарттың бірі екендігін түсінді. 1940 жылы 10 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің V жиынындағы шешім бойынша «Қазақ жазуын латын әліпбиінен орыс тіліне негізделген жаңа әліпбиге ауыстыру» бойынша қаулы қабылдады, бұл логикалық түрде тілдік саясаттың соңғы нүктесін қойды» [3, 38-40]. Профессордың келтірген деректеріне қарап отырып қазақ жерінде орыстандыру саясатының өте жоғары деңгейде жүзеге асқанын анық байқай аламыз. Сол уақыттан бастап орыс тілін білуге деген мұқтаждықтың артуына байланысты, қазақ отбасылары балаларына жаппай орыс тілін үйрете бастады, тіпті соның нәтижесінде орыс тілін өздерінің ана тілінен артық білетіндей дәрежеге жетті. Ал қазір соңын зардабынан әлі күнге дейін толыққанды шыға алмай келеміз.

Қазақстан Республикасы Тіл туралы Заңының 4-бабында: "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-Қазақ тілі. Мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын мемлекеттік басқару, заңнама, сот ісін жүргізу және іс жүргізу тілі. Қазақстан Республикасының әрбір азаматының борышы Қазақстан халқын шоғырландырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру болып табылады. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін барлық қажетті ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтау мен дамытуда көмек көрсетуге міндетті" [4] деген қаулы заң аясында бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 878 қаулысы Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті. Жоспар мынадай мақсаттарға қол жеткізуді көздеді: 1) Мемлекеттік тіл-ұлттық бірліктің басты факторы (міндеттері: мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру және стандарттау; мемлекеттік тілді оқыту инфрақұрылымын дамыту; мемлекеттік тілді оқыту процесін ынталандыру); 2) мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды насихаттау (міндеттері: мемлекеттік тілді қолдану беделін арттыру; мемлекеттік тілге сұранысты арттыру);

* дамыған тіл мәдениеті-зияткерлік ұлттың әлеуеті (міндеттері: қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу; тіл мәдениетін жетілдіру);

* қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту (міндеттері: коммуникативтік-тілдік кеңістікте орыс тілінің жұмыс істеуі; Қазақстанда тілдік әртүрлілікті сақтау; Ағылшын және басқа да шет тілдерін үйрену) [5].

Мемлекеттік тілді жаңғырту үшін отандық талдаушы Р. Жанғазы: "латын әліпбиіне көшу; "бір дыбыс — бір әріп" қағидаты бойынша әріптердің қажетті минимумына дейін қысқарту; қазақ тілінің грамматикасын дифтонгтар мен монофтонгтардың әлеуетін пайдалану жағына қарай қайта қарау; ғылыми-техникалық терминдерді белсенді енгізу". Сондай — ақ, ол Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытудың үш сценарийін ұсынады: "оптимистік сценарий-2020 жылға қарай Қазақстан халқы басым көпшілігі тілдік құзыреттіліктің базалық деңгейін игерді. Бұған: тіл саясатын сауатты әзірлеу және тиімді іске асыру; халықты жаппай оқыту үшін қатаң талаптар мен қолайлы жағдайлардың үйлесуі; азаматтық қоғамның мемлекеттік тілді насихаттауға және таратуға белсенді қатысуы; мемлекет Басшысының еркі және оның бүкіл ұлтты шоғырландыруға бағытталған қызметі; тиісті этнодемографиялық үрдістер ықпал етті. Пессимистік сценарий-2020 жылға қарай Қазақстан халқы қазақ тілін меңгеруде айтарлықтай ілгерілей алмады. Бұған: елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың

нашарлауы; сырттан арандатушылық әрекеттермен "қызған" шиеленісті ішкі саяси жағдай; уәкілетті мемлекеттік орган тарапынан түрлі әлеуметтік-мәдени факторларды назарға алмау; тіл саясатын дамытуға бөлінген қаражатты тиімсіз пайдалану, сыбайлас жемқорлық факторы ықпал етті. Сонымен, теңдестірілген сценарий — 2020 жылға қарай 25 жасқа дейінгі Қазақстан халқы әртүрлі дәрежеде тілдік құзыреттіліктің базалық деңгейін игерді. Бұған: қазақстандықтардың жас ұрпағына баса назар аудару ықпал етті; оқытылатын халықты жаппай емес, нүктелік қамту; оқытудың ынталандырушы тетіктерінің жеткіліксіздігі; қаржылық және өзге де ресурстардың шектелуі" [6] деген нұсқаулықты ұсынған еді. Көрсетілген уақыттан бері 5 жылға таяу уақыт өтті. Осы берілген сценарийлердің қайсысына жеттік?

Біз қазіргі Қазақстанда тілді жоспарлаудың басты объектісі балалар мен жастар болуы тиіс деп есептейтін сарапшылардың пікірімен келісеміз. Соңғы жылдары мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, қазақ тілінде оқытатын орта және жоғары оқу орындарында топтарды көбейту қажеттілігі туындағаны құпия емес. Республиканың барлық ұлттарының ата-аналары балаларының болашағы туралы ойлайды, сондықтан балаларының мемлекеттік тілді меңгеруі үшін бәрін жасауға тырысады. Мемлекет оларға бұған көмектесуі керек. Барлық заңнамалық база-тұжырымдама қазірдің өзінде қабылданды, Заң және әртүрлі бағдарламалар, кадрларды даярлау үшін жағдайлар жасалды, жаңа буынның оқу-әдістемелік әдебиеттері әзірленуде және т.б. қажетті қаржы құралдары бар, бірақ, өкінішке орай, тіл саясатын іске асырудың нақты тетігі әлі әзірленбеген. Тәуелсіздік жылдарындағы жағдай жақсы жаққа өзгергенімен, ең бастысы мынаны атап өтуге болады: мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге деген ұмтылыс пен көпэтносты Қазақстанның қалған тілдерінің мүдделерін ескеру арасындағы тепе-теңдік сақталады.

Жалпы, Қазақстан Республикасының тіл саясатында мынадай кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

1. Идеологиялық және заңнамалық қамтамасыз ету тұжырымдамасын әзірлеу, мысалы, "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы (18.01.2012 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) және т. б.

2. Саясат құралдарын әзірлеу және таңдау, тілдердің өзара қарым-қатынасын құқықтық және әкімшілік бақылау және сүйемелдеу, тіл саясатының қаржылық және материалдық-техникалық негізін құру, сондай-ақ іс-шаралар жоспарын, мысалы, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және т. б.

3. Тіл саясатын енгізуге және іске асырылуын бақылауға қабілетті құрылымдар құру, мысалы, Қазақстанда мұндай құрылымдар: ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі, ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссия, ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминологиялық комиссия және т. б. болып табылады.

Авторлардың пікірінше, оларды шешу Қазақстанда тіл саясатын тиімді іске асыруға ықпал ететін міндеттер: бірінші кезекте қазақ тілін оқыту бойынша жоғары білікті кадрларды даярлау; қазақ тілінің терминологиялық базасын жетілдіру; Қазақстан халықтарының тілдерін дамыту және қолдану; билингвизмді, яғни қос тілділікті — қазақ және орыс тілін дамыту; қазақстандықтардың жаңа буынына мүмкіндік беру Үш тілді меңгеру: Қазақ, мемлекеттік тіл, Орыс, ұлтаралық қатынас тілі, ағылшын, халықаралық қатынас тілі; мемлекеттік қызметшілерді қазақ тілін меңгергені үшін материалдық көтермелеу; екі тілді әдебиет, кинематография арқылы қазақ тілін орналастыру; дәстүрлі орыс тілді облыстарда — Солтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанда және т.б. қазақ тілін неғұрлым сұранысқа ие ету [7].

Қорыта келе, қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік тілді дамытуға жан-жақты түрде көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Дегенмен бұл атқарылған шаруа тіліміздің кез келген салада әлеуетінің жоғары болып тұруын толықтай қамтамасыз ете алмайды. Ғаламтордың

дамыған заманында тіліміздің дамуы үшін әр түрлі сайттар мен бағдарламалар күн сайын артып келе жатыр. Солардың бірі «Тіл-қазына» сайты. Тіліміздің заман ағымынан қалмай алға қарай жылжып дамығандығын қаласақ, филология саласы мен ІТ саласын бір-бірімен ұштастыра отырып, дамытуымыз керек. Осы екі саланың біте қайнасып тұтасқан сәтінде жетер жетістіктеріміз бен шығар асуларымыз биік болмақ!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әмірхамзин а. қазақтар туралы, Қазақ тілі туралы / А. Әмірхамзин. — [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі: http://www.neotech.kz/print/article1_KZ_language.html.
2. [Халық санағы - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы \(stat.gov.kz\)](#)
3. Жұмашев р. м. Қазақстан мәдениеті тарихының очерктері (1917-1991 жж.) / Р. М. Жұмашев. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002. — 148 б.
4. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (ЖМ. 01.2013 жылғы жағдай бойынша) 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І. — [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1008034
5. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы. — [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі: <http://archive.mki.gov.kz/showarticle.php?lang=rus&id=6439>
6. Жанғазы Р. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі мемлекеттік тіл саясатын іске асырудағы жүйелі тәсіл: талдау, стратегия, саясат, болжамдар / Р. Жанғазы. — [Электрондық ресурс]. - Қол жеткізу режимі: <http://zhangazy.yvision.kz/post/190934>
7. Савин и.с. 1990 жылдардағы Қазақстандағы мәдени-тілдік және білім беру саясатының іске асырылуы мен нәтижелері /и. с. Савин // этнографиялық шолу. - 2001. -№ 6. - 104-122 ББ.

ӘОЖ 81-22

АНИМАЛИСТІК ЛЕКСИКАНЫҢ ТЕҢЕУЛЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУ МӘСЕЛЕСІ

Жетесова Жанар Алмасқызы

zhanar_almasovna@mail.ru

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, докторант, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.С. Исакова

Тілдік белгі ретінде анималистік лексикалардағы мәдени аялық ақпарат сол тілді қолданатын халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру салтын танытады, соған сәйкес, анималистік лексикада нақтылы кейіпте анықталған тілдік қоғамдастықта мәдени мағыналар кодталады. Қандай да бір тілдегі жан-жануарлар атауы ұлттық-мәдени ерекшелік пен тілдік дүние бейнесінің тұжырымдалуында негізгі құрал болып табылады. Осы тұрғыдан қарастырсақ, әрбір халықтың тілдік әлем көріністерінде бейнеленген дүние бейнесін қабылдаудың ұлттық-мәдени ерекшелігі жануарлар атауының тірек болуымен жасалған теңеулерден де көрінетіндігі анықталды. Теңеу дегеніміз – өзінің сөздіктегі негізгі мағынасынан бөлек, ауыспалы мағынада қолданылатын лексикалық бірліктер. Осындай ауыспалы мағынада қолданылатын бірліктердің қатарына жануарлар атауларымен, яғни анималистік лексикамен берілетін теңеулерді жатқызуға болады. Анималистік теңеулер әрбір тілде өзінің негізгі, тура мағынасынан бөлек, ауыспалы мағынада қолданылады, бірақ бұл теңеулердің барлығы бірдей сөздіктерде кездесе бермейді. Себебі, бұл мағыналар жануарлардың образдық сипаттамасын немесе жануардың образды метафоралық компонент мағынасын білдіреді. Жалпы тіл білімінде теңеулер антропоцентристік парадигма аясында жан-жақты зерттелуде. Алайда қазақ және ағылшын тілдері бойынша теңеулер анималистік